

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ» ШЖҚ РМК

ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ПӘНДЕР КАФЕДРАСЫ

Силлабус

Пән: Әлеуметтану

Пәннің коды: Soc 3108

Мамандығы: Жалпы медицина – 5В130100

Оқу сағатының көлемі - 90

Курсы және оқу семестрі: 2 курс, 4 семестр

Ақтөбе қ., 2014

Силлабусты (студенттің жұмыс бағдарламасын) әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасы жалпы білім беру пәндері бойынша типтік жұмыс бағдарламасының негізінде құрастырған;

Кафедра отырысында талқыланған 02 қыркүйек 2014 ж.

Хаттама № 1

Кафедра жетекшісі, ф.ғ.д., профессор А.Т. Тайжанов А.Т. Тайжанов

Оқытушылар туралы мәліметтер: Тайжанов Алтай Тайжанұлы — философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ӨҒА академигі, Айтжанова Жанат Ерғалиқызы -аға оқытушы, Шәмші Бауыржан Исаұлы — аға оқытушы, гуманитарлық ғылымдар магистрі, Күміспаев Самат Самидуллаұлы — аға оқытушы, гуманитарлық ғылымдар магистрі, Ерғалиев Мирлан Есенғалиұлы-аға оқытушы, Молдин Бекзат Аққонысұлы-оқытушы, гуманитарлық ғылымдар магистрі, Құмаров Нұрлан Амангелдіұлы-оқытушы, гуманитарлық ғылымдар магистрі, Бекен Сәрсенғалиұлы-оқытушы, Балтымова Айнұр Рашидқызы – оқытушы, гуманитарлық ғылымдар магистрі, Сагимбаева Наталья Абдигалиевна-оқытушы

Байланыс ақпараты: ҚР, Ақтөбе қ, Маресьев к. 68, бас ғимарат, Әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасы, тел. 56-80-62.

Пәннің саясаты: кафедраның жалпы талаптары – білім алушы университет Жарғысы мен ережелерін сақтап, сыртқы киімі мен келбеті лайықты кейіпте болғаны жөн, сабаққа кешікпеуі керек, қоғамдық-этикалық нормаларды сақтай білуі, оқу құралдарының болуы керек.

1.3.1 Оқу процесін ұйымдастыру

Кафедра сабақ кестелеріне сай, факультеттер, курстар мен оқыту формаларына сай оқу процесін жоспарлайды және ұйымдастырады. Білім беру процесінің формаларын жетілдіреді. Студенттердің үлгерімінің ағымдағы бақылауын сабақ кестелеріне сай жүргізеді. Пәннің оқу бағдарламасымен білім алушылардың үлгерімін бақылаудың ауызша сұрау, жазбаша бақылау, кешенді бақылау, үй тапсырмаларының орындалуы және тесттер секілді түрлері анықталған. Білім алушылардың аралық бақылауы оқу жоспарына, академиялық күнтізбеге және оқу бағдарламаларына сай жүргізіледі. Білім алушылардың білім жетістіктері емтихан сессиясының кезінде пән бойынша емтихандар тапсыру түрінде өткізіледі. Емтиханның өткізілу тәртібі тестілеу немесе ауызша бақылау формасында жүреді. Сабақ кестесін оқу бөлімімен және тіркеу-офисімен бейімдеп, штаттық кестені оқу жылының семестрлеріне бөледі. Студенттерді оқу-әдістемелік құжаттардың барлық формаларымен қамтамасыз етеді. Марат Оспанов атындағы БҚММУ-ң Ғылыми орталығымен тығыз байланыста жұмыс жасап, практикалық сабақтарды қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етеді. Қызметкерлер мен студенттердің ҒЗЖ жүзеге асыруға қолайлы жағдайлар туғызады. Үшінші семестр жүргізу кезінде қосымша білім беру үшін қажетті жағдайлар жасайды.

1.3.2 Білім беру процесін ақпараттық қамтамасыз ету: Силлабустар, анықтама-жолсеріктер, БАӨЖ және БАӨБӨЖ жүргізуге арналған әдістемелік нұсқаулар студенттерге кафедрада және кітапханада ұсынылады. Сабақ, кеңес берулер кестелері, ҒСҚ жүргізу кестелері, кафедра қызметкерлерінің жұмыс кестелері кафедраның ақпараттық стенділеріне ілінеді. Білім алушыларды уақтылы хабардар ету мен рейтингтік бағалары туралы ақпарат ОПК тарапынан сабақтар кезінде беріледі.

1.3.3 Аудиториялық сабақтар мен БӨЖ жүргізуге қойылатын талаптар: Аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтар факультеттер, курстар бойынша, сабақ кестелеріне сай қамтамасыз етілген.

1.3.4 Білім алушыларға қойылатын талаптар: Практикалық сабақтар мен дәрістерге қатысу міндетті түрде. Киім үлгісі ішкі нормативтік талаптарға сай. Айыптық шаралар «Марат Оспанов атындағы БҚММУ-де білім беру процесін ұйымдастыру туралы ережелерге», 2009» сай жүзеге асырылады. Жіберген сабақтарына өтем жасамаған білім алушылар, аралық бақылау тапсыруға жіберілмейді. өтем жасағаннан кейін білім алушы аралық бақылауға деканаттың рұқсат қағазымен жеке кесте бойынша жіберіледі. өтем жасамаған немесе жіберілу рейтингін ала алмаған білім алушы аталмыш пәннен қорытынды бақылау тапсыруға жіберілмейді.

2.1. Кіріспе. Адам мен қоғам жөніндегі ғылымдардың ішінен, әлеуметтік дүние тұлғаның әлеуметтік өзара қатынастары жөніндегі ғылым - әлеуметтану маңызды орынды иеленеді. Қазіргі кезеңдегі әлеуметтік мәселелердің өзектілігін тұлғаның қоғамдағы орнын және адам жөніндегі білімнің ролін арттырады. Әлеуметтану адамдар өз өмірін қамтамасыз етіп, қоғамдық қатынастарды реттеу, қоғамның біртұтастығын сақтап қалу мақсатында құрған күрделі әлеуметтік жүйені, институттарды түсінуге көмектеседі. Әлеуметтану кез-келген құбылысты адами тұрғыдан қарастыруға, оның әлеуметтік механизмдері мен салдарларын көруге мүмкіндік береді. Әлеуметтік бағытталған нарықтық экономика мен әлеуметтік мемлекеттің түпкілікті конституциялық қағидаларын тек әлеуметтану пәні арқылы нақты түсініктермен толықтады.

2.2. Пәннің мақсаты: Әлеуметтану пәнінің мақсаттары мен міндеттері Қазақстан Республикасындағы жоғарғы кәсіптік білім берудің мемлекеттік стандартымен анықталған, және студентке болашақ маман ретінде айналасындағы әлеуметтік әлемді ғылыми тұрғыдан тануға жол ашатын әлеуметтанулық ғылымның әдістемелері мен әдістерін, қажетті әлеуметтанулық ғылымның әдістемелері мен әдістерін, қажетті әлеуметтанулық білім көлемін алуды көздейді. Әлеуметтану, әлеуметтік өзара әрекеттестікпен даму заңдылықтарының қызмет ету ерекшеліктері, әлеуметтік институттардың қызмет етуі мен дамуы, әлеуметтік құрылымы мен әлеуметтік қатынас ерекшеліктері жайлы, адамның әлеуметтік нақтылық пен өзара байланысқа түсуі және әлемдік қауымдастықтың даму тенденциялары туралы түсінік береді.

2.3. Оқытудың міндеттері

- әлеуметтану, әлеуметтік өзара әрекеттестікпен даму заңдылықтарының қызмет ету ерекшеліктері;
- әлеуметтік институттардың қызмет етуі мен дамуы;
- әлеуметтік құрылымы мен әлеуметтік қатынас ерекшеліктері жайлы;
- адамның әлеуметтік нақтылық пен өзара байланысқа түсуі және әлемдік қауымдастықтың даму тенденциялары туралы түсінік беру.

2.4. Оқытудан кейінгі нәтижелер

- қоғамды талдаудағы, әлеуметтік қауымдастық пен әлеуметтік топтардың пайда болу табиғатындағы, әлеуметтік процестердің түрлері мен бағыттарын талдаудағы әлеуметтанулық түсініктерден хабары болуы тиіс;
- әлеуметтік қозғалыстардың пайда болуы мен дамуының негізгі шарттары мен жіктелуін, әлеуметтік дамудың факторларын, әлеуметтік өзара әрекет формаларын біліп, оларды талдай алуы қажет;
- тұлға жөнінде, әлеуметтенудің формаларын, бағыттары мен ерекшеліктерін, әлеуметтік жүріс-тұрысты реттеудің негізгі заңдылықтары мен формаларын талдаудағы әлеуметтанулық түсініктерден хабардар болуы тиіс;
- әлеуметтанулық зерттеу жүргізудің әдістемесі мен әдістерін жетік білуі қажет.

2.5.1. Пререквизиттер: бұл пәнді оқып-үйрену барысында студенттер 1 курста *Қазақстан тарихы, саясаттану, құқық негіздері, психология және педагогика негіздері* пәндерінен алған білімдерін пайдаланып меңгеруін, қоғамдық-гуманитарлық көзқарастарын әрі қарай жетілдіреді.

2.5.2. Шектес пәндер: Әлеуметтану пәнімен қатар оқытылатын *философия* пәнінен. Жалпы қоғам заңдылықтарын қарастырады.

2.5.3. Постреквизиттер: Әлеуметтану пәнін оқып игергеннен кейін студенттер алынған білімдерін, *экономикалық теория негіздері, қоғамдық денсаулық сақтау, әлеуметтік медицина* пәндерін оқып-үйрену кезінде пайдалана алады.

2.6. Пәннің қысқаша мазмұны: Әлеуметтану курсына әлеуметтік ғылымның тарихы баяндалып, қоғамға әлеуметтік жүйе ретінде талдау жасалады. Қоғамның құраушы элементтері ретінде оның құрылымына, әлеуметтік стратификациялық бөлінуге, әлеуметтік институттар мен топтар, топтар, қауымдастықтарға сипаттама жасалады. Сонымен қатар жеке тұлғаға әлеуметтанулық талдау беріледі. Сондай ақ ауытқымалы мінез-құлық, әлеуметтанудың салалары туралы білімдер беріледі.

2.7. Әлеуметтану пәні бойынша тақырыптық жоспары.
2.7. 1. «Әлеуметтану» пәні бойынша дәрістердің тақырыптық жоспары
(академиялық сағат уақыты 50 минут)

№	Дәрістердің тақырыбы	Сағат саны
1.	Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер құрылымындағы әлеуметтанудың орны. 1. Әлеуметтанудың объектісі мен пәні. 2. Әлеуметтанудың зерттеу әдістері 3. Әлеуметтанулық білімнің деңгейлері.	2
2.	Әлеуметтану тарихындағы негізгі бағыттар. 1. Әлемдік әлеуметтанудың институциялануы. Әлеуметтанудың ХІХ ғ. дамуы. 2. Қазіргі заманғы әлеуметтану. ХХғ. әлеуметтанулық теориялары	2
3.	Қоғам әлеуметтік жүйе ретінде. 1. Қоғам ұғымы. Қоғамды зерттеудегі түрлі тұрғылар. 2. Әлеуметтік жүйе құрылым ретінде және оның негізгі элементтері.	2
4.	Әлеуметтік институттар және әлеуметтік процестер. 1. Әлеуметтік элементтер әлеуметтік өмірдің маңызды элементі ретінде. 2. Әлеуметтік институттардың типологиясы. 3. Әлеуметтік процестердің ұғымы, түрлері мен деңгейлері.	2
5.	Әлеуметтік құрылым мен әлеуметтік стратификация 1. Қоғамның әлеуметтік құрылымы ұғымы және әлеуметтік құрылымның түрлі теориялары. 2. Әлеуметтік стратификация ұғымы мен критерийлері. 3. Қоғамның әлеуметтік-демографиялық құрылымы.	2
6.	Жеке тұлғаның әлеуметтанулық сипаттамасы 1. Адам, индивид, тұлға ұғымдары. Жеке тұлға қоғамдық қатынастардың объектісі және субъектісі ретінде. 2. Жеке тұлғаның құрылымы. 3. Тұлғаның әлеуметтенуі ұғымы. Жеке тұлғаның типтері.	2
7.	Девиация және әлеуметтік бақылау 1. Тұлғаның девиантты мінез-құлқы ұғымы, оның табиғаты мен типологиясы. 2. Әлеуметтік бақылау және тұлғаның делинквентті мінез-құлқы. 3. Әлеуметтік бақылаудың әдістері мен органдары.	2
8.	Білім әлеуметтануы 1. Білім әлеуметтік институт және әлеуметтік процесс ретінде. 2. Білім беру институтына әлеуметтанулық талдау.	2
9.	Дін әлеуметтануы. 1. Дін әлеуметтік институт және әлеуметтік құбылыс ретінде. 2. Дін институтының әлеуметтанулық талдамасы.	2
10.	Экономикалық әлеуметтану 1. Экономикалық әлеуметтанудың ғылым ретінде пайда болуы мен дамуы. Экономикалық әлеуметтанудың құрылымы. 2. Экономика институтының әлеуметтанулық талдауы.	2
11.	Отбасы әлеуметтануы 1. Отбасы және некенің формаларының пайда болуы мен эволюциясы. 2. Отбасы әлеуметтік институт ретінде. Отбасының атқаратын қызметтері. 3. Отбасы мен некеге әлеуметтанулық талдау.	2
12.	Мәдениет әлеуметтануы 1. Мәдениет ұғымының ұғымы және мәні. 2. Мәдениетке әлеуметтанулық талдау. Мәдениеттің түрлері. 3. Мәдени кикілжіндер әлеуметтануы.	2
13.	Бұқаралық ақпарат құралдарының әлеуметтануы	2

	<p>1. Бұқаралық коммуникациялардың объектісі, пәні, заңдары мен категориялары.</p> <p>2. БАҚ-ң атқаратын қызметтері. БАҚ тұлғаны әлеуметтендірудің маңызды институты ретінде.</p> <p>3. Бұқаралық коммникация және мәдениет.</p>	
14.	<p>Нақты әлеуметтанулық зерттеулер жүргізудің әдістері мен техникасы</p> <p>1. Эмпирикалық (нақты) әлеуметтанулық зерттеу ұғымы.</p> <p>2. Зерттеу бағдарламасының әдістемелік және процедуралық бөлімдері.</p> <p>3. Әлеуметтанулық ақпарат жинақтаудың негізгі әдістері. Іріктеу және оның түрлері.</p>	2
15.	<p>Ақпараттарды өңдеудің әдістемесі мен оның нәтижелерінің анализі.</p> <p>1. Ақпараттарды техникалық құралдардың көмегімен талдау және қорыту.</p> <p>2. Мәліметтердің репрезентативтілігі проблемасы. Проблема репрезентативности данных.</p>	2
Барлығы :		30

2.7.2. «Әлеуметтану» пәні бойынша практикалық (семинар) сабақтардың тақырыптық жоспары

№	Тақырыбы	Сағат саны
1.	<p>Әлеуметтанудың әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар жүйесіндегі орны.</p> <p>1. Әлеуметтану ғылым ретінде. Әлеуметтанудың пәні мен объектісі.</p> <p>2. Әлеуметтанулық білімнің құрылымы мен деңгейлері.</p> <p>3. Әлеуметтанудың заңдары, категориялары мен әдістері</p> <p>4. Әлеуметтанудың қызметтері. Әлеуметтанудың ғылыми мәртебесі мен өзге ғылымдармен байланысы.</p> <p>5. Әлеуметтік факт және әлеуметтік процесс ұғымдары.</p>	2
2.	<p>Әлеуметтанудың тарихындағы негізгі бағыттар.</p> <p>1. Әлеуметтанудың пайда болуындағы негізгі кезеңдер. О. Конт – әлеуметтанудың негізін салушы ретінде.</p> <p>2. Әлемдік әлеуметтанудың институциялануы. Г. Спенсердің, Э. Дюркгеймнің теориялары.</p> <p>3. XX ғ. әлеуметтануы. Жаңа тарихи әлеуметтану.</p> <p>4. Әлеуметтанулық ойдың Ресейдегі дамуы.</p> <p>5. Қазақ ойшылдарының әлеуметтанулық көзқарастары. Қазақстандағы әлеуметтанулық ғылымның дамуы.</p>	2
3.	<p>Қоғам әлеуметтік жүйе ретінде.</p> <p>1. «Қоғам» ұғымы. Қоғамның пайда болуы туралы теориялар.</p> <p>2. Қоғам әлеуметтік детерминизм, функционализм, синергетика тұрғысынан.</p> <p>3. Әлеуметтік қамуымдастықтардың негізгі түрлері мен әлеуметтік құрылымның элементтері.</p> <p>4. Қоғамның типологиясы мен олардың критерийлері.</p>	2
4	<p>Әлеуметтік институттар және әлеуметтік процестер</p> <p>1. «Әлеуметтік институт» ұғымы, олардың белгілері мен атқаратын қызметтері.</p> <p>2. Институттардың типологиясы. Әлеуметтік институттардың құрылымы.</p> <p>3. «Әлеуметтік процесс» ұғымы, олардың түрлері.</p> <p>4. Әлеуметтік процестердің деңгейлері мен диапазоны.</p>	2
5.	<p>Қоғамның әлеуметтік құрылымы және әлеуметтік стратификация</p> <p>1. Қоғамның әлеуметтік құрылымы ұғымы. Әлеуметтік құрылымның негізгі элементтері.</p>	2

	<p>2. Әлеуметтік топтар әлеуметтік құрылымның элементтері ретінде, олардың типологиясы.</p> <p>3. Әлеуметтік стратификация теориясы. Стратификацияның критерийлері, тарихи формалары мен типтері.</p> <p>4. Әлеуметтік-этникалық, әлеуметтік-демографиялық, әлеуметтік-территориялық, әлеуметтік-кәсіби және әлеуметтік құрылымның өзге де түрлері.</p> <p>5. Қоғам таптық құрылымының; марксистік және орта тап теориялары</p>	
6.	<p>Тұлғаның әлеуметтанулық сипаттамасы</p> <p>1. «Алам», «индивид», «тұлға» ұғымдары. Тұлға қоғамдық қатынастардың объектісі және субъектісі ретінде.</p> <p>2. Қазіргі әлеуметтанулардағы жеке тұлға туралы теориялар.</p> <p>3. Тұлғаның құрылымы және сапалары.</p> <p>4. Тұлғаның әлеуметтенуі ұғымы, түрлері мен типтері.</p> <p>5. Әлеуметтенудің кезеңдері мен агенттері.</p>	2
7.	<p>Девиация және әлеуметтік бақылау</p> <p>1. «Девиантты мінез-құлық» ұғымы. Девиантты мінез-құлықтың негізгі белгілері.</p> <p>2. Девианттылықтың табиғаты мен тарихи типтері.</p> <p>3. Ауытқымалы мінез-құлықтың фазалары мен формалары.</p> <p>4. Әлеуметтік бақылау және делинквентті мінез-құлық ұғымы. Әлеуметтік бақылау әдістері.</p>	2
8.	<p>Білім әлеуметтануы.</p> <p>1. Білім әлеуметтануының пайда болуы мен оның дамуы.</p> <p>2. Білім әлеуметтік процесс және әлеуметтік институт ретінде.</p> <p>3. Білім беруге әлеуметтік институт ретінде талдау. Білім институтының атқаратын қызметтері.</p> <p>4. Қазіргі Қазақстандағы білім берудің ерекшеліктері мен кезеңдері</p>	2
9.	<p>Дін әлеуметтануы.</p> <p>1. Дін әлеуметтану ғылымының объектісі ретінде. Дін әлеуметтануының қалыптасуы мен дамуы. 2. Дін әлеуметтік институт және әлеуметтік құбылыс ретінде.</p> <p>3. Дінге әлеуметтанулық талдау.</p> <p>4. Діни экстремизм мен терроризм: проблемалары мен шешілу жолдары.</p> <p>5. Қазақстан поликонфессиялық мемлекет ретінде.</p>	2
10.	<p>Экономикалық әлеуметтану</p> <p>1. Экономикалық әлеуметтанудың пайда болуы мен оның әлемдік ғылымдағы қалыптасуы. Оның спецификасы мен мәртебесі.</p> <p>2. Экономикалық әлеуметтанудың атқаратын қызметтері мен міндеттері.</p> <p>3. Экономикаға әлеуметтік институт және әлеуметтік құбылыс ретінде.</p>	2
11.	<p>Отбасы әлеуметтануы</p> <p>1. Отбасы мен неке формаларының пайда болуы мен эволюциясы.</p> <p>2. Отбасы әлеуметтік институт ретінде. Отбасының құрылымы мен атқаратын қызметтері.</p> <p>3. Отбасының әлеуметтанулық талдамасы: өмірлік циклы, отбасының бірлігі.</p> <p>4. Отбасы мен неке формаларының типологиясы.</p> <p>5. Қазіргі Қазақстандағы отбасы: ерекшеліктері мен дәстүрлері.</p>	2
12.	<p>Мәдениет әлеуметтануы</p> <p>1. Мәдениеттің әлеуметтанулық анықтамасы мен мәні.</p> <p>2. Мәдениетке әлеуметтанулық талдау. Мәдениет және әлеуметтену.</p> <p>3 Мәдениеттің түрлері. Мәдениеттің негізгі типтері мен категориялары.</p> <p>4 Қазақ мәдениетінің ерекшеліктеріне әлеуметтанулық талдау.</p>	2

13.	Бұқаралық коммуникациялар әлеуметтануы. 1. Бұқаралық коммуникациялар ұғымы. Бұқаралық коммуникациялар әлеуметтануының объектісі, категориялары және міндеттері. 2. Бұқаралық коммуникациялардың әлеуметтік институт ретіндегі атқаратын қызметтері. 3. Бұқаралық коммуникациялардың заңдылықтары мен механизмдері. 4. Бұқаралық коммуникациялардың типологиясы.	2
14.	Нақты әлеуметтанулық зерттеулер. 1. Нақты (эмпирикалық) әлеуметтанулық зерттеу ұғымы. Әлеуметтік ақпарат және оның түрлері. 2. Әлеуметтанулық зерттеулердің құрылымы. Бағдарламаның әдіснамалық, әдістемелік және процедуралық бөлімдері. 3. Ақпарат жинақтаудың негізгі әдістері, олардың жіктелуі. 4. Іріктеу әдісі және оның түрлері.	2
15.	Ақпаратты өңдеу әдістемесі мен оның нәтижелерін талдау. 1. Ақпаратты техникалық құралдардың көмегімен талдау мен жүйелеу. 2. Алынған мәліметтерге ғылыми сипаттау мен ғылым есеп құрастыру. 3. Түрлі әлеуметтік процестерді әлеуметтанулық зерттеудің ерекшеліктері. 4. Алынған мәліметтердің репрезентативтілік проблемасы. 5. Жүргізілетін зерттеулердің этикалық принциптері мен анонимділігі.	2
Барлығы :		30

2.8. «Әлеуметтану» пәні бойынша білім алушылардың өздік жұмыстарының тақырыптық жоспары

№	Сабақ тақырыбы	Сағат саны
1.	Қазақ ойшылдарының қоғам мен тұлға дамуына көзқарастары	2
2.	Қоғамның әлеуметтік құрылымының негізгі элементтері	4
3.	Қазіргі Қазақстанның әлеуметтік құрылымы.	4
4.	Жеке тұлғаның әлеуметтенуінің объективті және субъективті факторлары	4
5.	Қазақстандағы білім беру жүйесінің қазіргі заманғы жағдайына әлеуметтанулық талдау	4
6.	Дәстүрлі және қазіргі заманғы отбасына салыстырмалы әлеуметтанулық талдау.	4
7.	Еркін тақырыпқа әлеуметтанулық зерттеу жүргізу.	8
Барлығы		30

Білім алушылардың өздік жұмысын ұйымдастырудың жоспары

№	БАӨЖ тақырыбы	Тапсырмалар/ БАӨЖ өткізу формалары	БАӨЖ бақылау формалары	орындалу мерзімі
1	Қазақ ойшылдарының қоғам мен тұлға дамуына көзқарастары	Реферативтік баяндама	Қараңыз: БАӨЖ жұмыстарын жүргізуге арналған әдістемелік нұсқау	№ 3 семинар сабағында
2	Қоғамның әлеуметтік құрылымының негізгі элементтері	Глоссарий құрастыру	Қараңыз: БАӨЖ жұмыстарын жүргізуге арналған әдістемелік нұсқау	№ 4 семинар сабағында
3	Қазіргі Қазақстанның әлеуметтік құрылымы.	Рангалық кесте құрастыру	Қараңыз: БАӨЖ жұмыстарын жүргізуге арналған әдістемелік нұсқау	№ 6 семинар сабағында
4	Жеке тұлғаның	Шағын эссе, ой	Қараңыз: БАӨЖ жұмыстарын	№ 7 семинар

.	әлеуметтенуінің объективті және субъективті факторлары	толғам	жүргізуге арналған әдістемелік нұқсау	сабағында
5	Қазақстандағы білім беру жүйесінің қазіргі заманғы жағдайына әлеуметтанулық талдау	Эсселік элементтері бар мәінжазба немесе презентация	Қараңыз: БАӨЖ жұмыстарын жүргізуге арналған әдістемелік нұқсау	№ 9 семинар сабағында
6	Дәстүрлі және қазіргі заманғы отбасына салыстырмалы әлеуметтанулық талдау.	Салыстырмалы кесте толтыру	Қараңыз: БАӨЖ жұмыстарын жүргізуге арналған әдістемелік нұқсау	№ 12 семинар сабағында
7	Еркін тақырыпқа әлеуметтанулық зерттеу жүргізу.	Шағын әлеуметтік зерттеу жүргізіп, кесте, диаграмма түріндегі презентация	Қараңыз: БАӨЖ жұмыстарын жүргізуге арналған әдістемелік нұқсау	№ 15 семинар сабағында немесе № 2 аралық бақылауға

9. Негізгі және қосымша әдебиеттер:

1. Аймаганбетова О. Х. Кросс-культурное исследование структуры межэтнических отношений/ О. Х. Аймаганбетова. -Алматы: “Нұр-пресс”, 2007. -52,5 Мб.
2. Авури В.Ф. Общая социология: учебное пособие/ В. Ф. Авури. - М.: Академический проект, 2003. -496 с.
3. Әбсаттаров Р.Б. Саясаттану-ғылым// Хабаршы. Қоғамдық және тарихи ғылымдар сериясы.- Алматы: Абай атындағы АлМУ,2001,№2-71-79 беттер.
4. Әбсаттаров Р.Б. Салыстырмалы саясаттану: мәселеге жалпы көзқарас//Хабаршы. Тарих және саяси әлеуметтік ғылымдар сериясы.-Алматы:АлМУ,2002, №2.104-123 беттер.
5. Әбсаттаров Р.Б. Саяси технологиялар:теория мен тәжірибе//Хабаршы.Әлеуметтану және саяси ғылымдар сериясы.-Алматы: Абай атындағы ҚазҰГГУ,2004, №1,2.64-82,81-104 бет.
6. Байтұрсынов А. Бес томдық шығармалар жинағы.-Алматы; Алаш,2003
7. Балғымбаев А.С. Саясаттану.Оқу құралы-Алматы,2003.302-бет
8. Бөкейханов Ә.Тандамалы.-А:Қазақ энциклопедиясы,1995.478-бет
9. Воронцов А.В. История социология. XIX- начало XX века: учебное пособие, В 2-х ч. Ч.2: Русская социология/ А. В. Воронцов, И. А. Громов. - М.: ВЛадОС, 2005. -477 с.
10. Габдуллина К. Социология : учебник/ К. Габдуллина, Е. Раисов. - Алматы: Нұр-пресс, 2008. -204 с.
11. Габдуллина К.Г. Құқық социологиясы: оқулық' К. Г. Габдуллина. - Алматы: Юридическая литература, 2007. -28,4 Мб.
12. Габдуллина К.Г. Социология: учебник/ К. Г. Габдуллина, Е. Р. Раисов. - Алматы: ТОО “Нур-пресс”, 2005. -27,9 Мб.
13. Голенкова З.Т. Общая социология: учебное пособие/ З. Т. Голенкова, М. М. Акулич, В. Н. Кузнецов. - М.: Гардарики, 2005. -474 с.
14. Добреньков В.И. Социология: учебник/ В. И. Добреньков, А. И. Кравченко. - М.: ИНФРА-М, 2009. -624 с.
15. Джон Локк.Басқару туралы екі трактат/Ауд.М.Ө.Иманбаев,-Алматы:Раритет,2004.280 бет.
16. Исаев Б.А. Социология в схемах и комментариях: учебное пособие/ Б. А. Исаев. - СПб: Питер, 2009. -224 с.
17. Исаев Б.А. Социология: учебное пособие/ Б. А. Исаев. - СПб: Питер, 2007. -224 с.
18. Каменская Е.Н. Социология: учебное пособие/ Е. Н. Каменская. - М.: Дашков и К, 2005. - 288 с.
19. Қарабаев Ш.К. Әлеуметтану негіздері: оқу құралы/ Ш. К. Қарабаев. -Алматы: Экономика, 2008. -640 б.

20. Козырев Г.И. Социология: 100 вопросов- 100 ответов/ Г. И. Козырев. - М.: ВЛАДОС, 2007 - 190 с.
21. Кончанин Т.д. Социология : учебное пособие/ Т. Д. Кончанин, С. Я. Подопригора, С. Н. Яременко. -Ростов н/Д: Феникс, 2001. -480 с.
22. Кравченко А.И. Социология в вопросах и ответах : учебное пособие! А. И. Кравченко. - М.: Проспект, 2003. -240 с.
23. Кравченко А.И. Социология: учебник/ А. И. Кравченко. - М.: Проспект, 2009. -544 с.
24. Кравченко С.А. Социология: учебник/ С. А. Кравченко. - М.: Экзамен, 2007. -526 Мб.
25. Лавриненко В.Н. Исследование социально- экономических и политических процессов: Учебное пособие! В. Н. Лавриненко, Л. М. Путилова. - М.: Вузовский учебник, 2007. -184 с.
26. Мостовая И.В. Зачет по социологии в кармане : учебное пособие/ И. В. Мостовая. -Ростов в/д: Феникс, 1999. -320 с.
27. Мухаев Р.Т. Социология: конспект лекций! Р. Т. Мухаев. - М.: Проспект, 2009. -176 с.
28. Основы социологии: курс лекций, Ч. 1/ ред. : А. Эфендиев. -2-е изд., испр. -М.: Знание, 1994. -192 с.
29. Радугин А.А. Социология: курс лекций/ А. А. Радугин. -3-е изд., перераб. и доп. -М.: Центр, 2001,2006. -224 с.
30. Рахметов К. Социология : оқулық/ К. Рахметов, А. Болатова, З. Исмагамбетова. -Алматы: Олке,2005.-256б.
31. Социология : лекциялар курсы/Ред.Тргынбаев ЭХ. -Алматы: Білім, 2001. -160 б.
32. Социология: оқулық/ ред.: Ә. Нысанбаев. - Алматы, 2009. -222 б.
33. Социология: Основы общей теории: учебное пособие/ред.: А. Ю. Мягков. - М.: Флинта, 2003. -256 с.
34. Социология: учебное пособие! ред.: А. Н. Елсуков. -2-е изд., испр. - Минск: ТетраСистемс, 2000. -544 с.
35. Социология: учебник / ред. Н. Г. Скворцов. - 2-е изд., перераб. и доп. - М.: Проспект, 2009.-352 с.

2.10. Оқытудың және сабақ берудің негізгі әдістері

- **Дәрістер:** шолушылық және проблемалық.
- **Практикалық сабақтаря:** талқылаулар, пікірталастар, коммуникативтік тренинг, бақылау сұрақтарымен, кестелермен, сызбалармен жұмыс, тест тапсырмалары мен ситуациялық есептерге жауап беру, шағын топтармен жұмыс.
- **Студенттердің өздік жұмыстары (студенттердің оқытушымен бірлесе отырып жасайтын жұмыстары):** әдебиеттермен, электрондық мәліметтер және компьютерлік базалармен жұмыс, глоссарийлер, кестелер құрастыру және толтыру, эсселер, саяси хабарламалар әзірлеу, ситуациялық есептер мен тест тапсырмаларына жауап беру, мәнжазбалар дайындау және қорғау.

2.11. Білім алушылардың білімдерін және дағдыларын бағалау әдістері:

- **Ағымдық бақылау:** талдау жасай білу, өз пікірінің болуы және саяси шынайылықты бағалай білуі, тест тапсырмалары мен ситуациялық есептерді шеш білуі, тапсырмаларды тексеру және т.б.
- **Аралық бақылау:** билеттердегі сұрақтарға және тест тапсырмаларына жауап беру.
- **Қорытынды бақылау:** тестілеуді/ауызша жауап беруді қамтитын емтихан.

Ескерту: Оқыту нәтижелерін бақылау мен бағалау М. Оспанов атындағы БҚММУ-да қабылданған унификацияланған рейтинг әдістемесі бойынша жүргізіледі және ағымдағы, аралық және қорытынды бақылауды қамтиды.

Ағымдағы бақылау күн сайынғы сабақ барысында бағаны сабақ кестесіне сәйкес оқу журналына енгізу арқылы жүргізіледі.

Аралық бақылау оқытудың 7-8 аптасында қарастырылады. Білімдерді бақылау оқытылатын тақырыптар бойынша әр сабаққа арналып жасалған білімдерді бақылауға арналған тест тапсырмалары мен бақылау сұрақтарын пайдалану арқылы жүргізіледі.

Қорытынды бағалау кафедрада ауызша немесе бланкілік тестілеу жолымен, не болмаса тест орталығында жүргізіледі. Ол үшін 500 тест тапсырмасынан 100 сұрақ алынып беріледі, кей кездерде деканаттың шешімі бойынша ауызша билеттік формада (әрқайсысында 3 сұрақ қамтылған 30 емтихан билеті).

1.1. **2.11.1.** Балдық-рейтингтік әріптік жүйе әріптік жүйе бойынша бағалауды қамтитын, оған балдың сандық эквиваленті, бағалаудың пайыздық мазмұны мен дәстүрлі бағалау сәйкес келетін он бір балдық шкала бойынша құрылған (1-кесте).

1-кесте. Білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Бағалаудың сандық эквиваленті	Бағалаудың пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-49	

1.2. Әріптік жүйенің бағалары білім деңгейіне байланысты ағылшын тіліндегі әліпбидің *A* әрпінен (ең жоғары баға) *F* (ең нашар баға) әрпіне дейінгі бағалар болып табылады.

1.3. Балдың сандық эквиваленті есептеудің ондық жүйесіндегі 4,0 бастап 1,0 дейінгі араб сандары, оң бағалар және 0-қанағаттанарлықсыз баға болып табылады.

1.4. Бағалаудың пайыздық мазмұны пайыз бойынша анықталады. Бұл ретте оң баға 50-100% бағалауды, қанағаттанарлықсыз баға 0-49% бағалауды қамтиды.

1.5. Бағалаудың дәстүрлі шкаласы «өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық», «қанағаттанарлықсыз» бағалармен 4 балдық шкала бойынша жасалады.

1.6. Үлгерімді ағымдық бақылауда студенттердің оқу жетістіктері әрбір тәжірибелік сабағы, білім алушының өзіндік жұмысы (БАӨЖ) мен оқытушының жетекшілігімен, білім алушының өзіндік жұмысы (ОЖБАӨЖ) 100 балдық шкала бойынша бағаланады.

1.7. Емтихан (дифференциалдық сынақ, рубеждік бақылау) бағасы білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес 100 балдық шкаламен қойылады.

1.8. Балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша баға қою талаптарға сәйкес жүзеге асырылады (2-кесте).

2-кесте. Білім алушылардың білімін бағалаудың критерийлері мен құзыреті

Білімді бағалау	Бағалаудың критерийлері
«Өте жақсы» - 4,0 сандық эквиваленті мен 95%-100% пайыздық мазмұны бар «А» және 3,67 сандық эквиваленті мен 90%-94% пайыздық мазмұны бар «А-» әріптік символы	Бұл баға білім алушы бағдарлама материалын толық меңгергенде және қандай да бір қателіктер, олқылықтар жібермегенде, бақылау және зертханалық жұмыстарды уақытылы және дұрыс орындағанда, сол бойынша есеп бергенде, сонымен бірге өзіндік ой-пікірін білдіргенде, коллоквиум және үй тапсырмаларын уақытылы және қатесіз орындағанда, ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысқанда, пәнді меңгерген кезде қосымша ғылыми әдебиетті өз бетінше қолданғанда, бағдарлама материалын өз бетінше жүйелей алған кезде қойылады.
«Жақсы» - 3,33 сандық эквиваленті мен 85-89% пайыздық мазмұны бар «В+», 3,0 сандық эквиваленті мен 80-84% пайыздық мазмұны бар «В» және 2,67 сандық эквиваленті мен 75-79% пайыздық мазмұны бар «В-» әріптік символы	Бұл баға студент бағдарлама материалын 75% төмен орындамағанда, сонымен бірге жауап беру кезінде өрескел қате жібермегенде, бақылау және зертханалық жұмыстарды уақытылы орындағанда және оларды негізгі ескертулерсіз тапсырғанда, коллоквиумдар мен үй тапсырмаларын негізгі ескертулерсіз дұрыс орындап, уақытылы тапсырғанда, оқытушының нұсқауымен қосымша әдебиеттер пайдаланғанда, ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысқанда, негізсіз олқылықтарды немесе студенттің өзі түзеткен негізгі қателерді жібермегенде, оқытушының көмегімен бағдарлама материалын жүйелей алғанда қойылады.
«Қанағаттанарлық» - 2,33 сандық эквиваленті мен 70-74% пайыздық мазмұны бар «С+», 2,0 сандық эквиваленті мен 65-69% пайыздық мазмұны бар «С», 1,67 сандық эквиваленті мен 60-64% пайыздық мазмұны бар «С-», 1,33 сандық эквиваленті мен 55-59% пайыздық мазмұны бар «D+» және 1,0 сандық эквиваленті мен 50-54% пайыздық мазмұны бар «D» әріптік символы	Бұл баға студент бағдарлама материалын 50% төмен игермегенде, бақылау және зертханалық жұмыстарды, үй тапсырмасын орындаған кезде оқытушының көмегіне жүгінгенде, коллоквиум тапсырған кезде олқылықтар мен негізсіз қателерді жібергенде, зерттеу жұмысына белсенді қатыспағанда, оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттерімен шектелгенде, материалды жүйелеуде көп қиындықтар кездескенде қойылады.
«Қанағаттанарлықсыз» - 0 сандық эквиваленті мен 0-49% пайыздық мазмұны бар «F» әріптік символы	Бұл баға бағдарламада қарастырылған негізгі материалды меңгеруде студент олқылықтар танытқан жағдайда, пән бағдарламасының жартысынан көбін игермегенде, жауап беру кезінде негізгі қателер жібергенде, ағымдық, аралық және қорытынды бақылау түрлерімен қарастырылған жеке тапсырмаларды орындамағанда, бағдарламада қарастырылған барлық негізгі әдебиетпен жұмыс істемегенде қойылады.

2.11.2. БАӨЖ жұмыстарына қойылатын талаптар мен бағалау критерийлері Рефератты бағалау критерийлері (бағалау парағы)

№	Талаптар :	0-0,1	0,2-0,3	0,4-0,
1.	Рефератты рәсімдеу			
2.	Рефераттың тақырыбы			
3.	Иллюстративты құжаттар			
4.	Өзектілігі			
5.	Мазмұны			

6.	Қортынды			
7.	Әдебиет			
8.	СӨЖ орындау кестесіне сай уақытында орындалуы			
9.	Қорытынды			

0-0,1 критерий орындалмаған

0,2-0,3 критерий ескетулермен орындалған

0,4-0,5 критерий орындалған

.Презентацияны бағалау критерийлері (бағалау парағы)

№	Талаптар:	0-0,1	0,2-0,3	0,4-0,5
1.	Презентацияны рәсімдеу			
2.	Презентацияның жоспары			
3.	Презентацияның 4 компоненті : - заставка -ақпараттық (негізгі)бөлігі (мазмұны) - қортынды(тұжырым, ұсыныс және әдебиеттер) - заставка(презентацияның эффектілі қортындысы)			
4.	СӨЖ тақырыбына мақсаттың адекваттылығы			
5.	Мазмұны			
6.	Қортынды /ұсыныстар.			
7.	Әдебиет			
8.	СӨЖ кестесіне сай уақытында тапсырылуы			
9.	Қорытынды			